

ФТАР 16.21.41

Ғылыми мақала

Н.А. Садуақас, М.О. Мирон*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан
(E-mail: mirov-agu@bk.ru)***Профессор Қ. Жұбановтың морфологияға қатысты
көзқарастары**

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіл білімінің іргетасын бекітушілердің көшбасшы, таланты түрколог Құдайберген Қуанұлының еңбектеріндегі грамматикаға қатысты ғылыми ойларына талдау жасалған. Грамматикалық категориялардың тілдік қызметтері, анықтамалары мен терминдерінің ерекшеліктері және олардың басқа оқулықтарда берілуі арасындағы өзгешеліктері жөнінде де баяндалған.

Морфологияда сөз таптастыру басты мәселелердің бірі болса, сөз таптастырудың теориялық қағидаларын қалыптастыруда ғалымның еңбектерінде айтылған ойлардың қазіргі ұстанымдармен сәйкес келетіндігі айтылған. «Қазақ тілі грамматикасы» еңбегінде берілген тіл білімі терминдері грамматикалық категориялардың анықтамалары мен теориялық сипаттамасын беруде қазіргі ғылыми оқулықтарда әлі күнге қолданылып келе жатқаны, грамматика ғылым, сөз тұлғасы, сөз бен ой, сөйлем және сөйлем мүшелері, өлі түбір, қосар сөз, туынды негіз, т.б. терминдерді кәдеге жаратып, оларды жаңа мазмұнда сипаттап, ғылыми талдау жасағаны туралы деректер келтірілген. Қазіргі ғылыми оқу құралдарындағы «жұрнақ» терминін «үстеу» деген атаумен не үшін алғанын ғылыми тұрғыда дәлелдеп, оған нақты мысалдар келтіргені, сөздерді сыртқы тұлғасының ерекшеліктеріне қарай алты түрге бөлгені де назардан тыс қалмаған. Тіл білімінің морфология саласындағы ғылыми категориялардың теориялық ерекшеліктерін, оның терминдерімен байланысына жан-жақты талдау жасап, кейінгі оқулықтарда морфологияға қатысты категорияларды танып-білуге, олардың анықтамаларын жасауға ғылыми тұрғыда негіз болғаны туралы түсінік берілген.

Түйін сөздер: тіл білімі, грамматика, морфология, сөз тұлғасы, түбір сөз, қосымшалы сөз, синтаксис, сөйлем мүшелері

DOI: <https://doi.org/10.71078/9jg4hj07>

Түсті: 3.06.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

Кіріспе

«Тілді білу деген нені білдіреді?» деген сұраққа «Ол сөздердің дыбысталуы мен жасалуын және оларды біріктірудің ережесін, шексіз сөйлемдер құрастыру мүмкіндігін, яғни грамматиканы білу дегенді білдіреді», - деп жауап беруге болады (Фромкин, Родман, Хайамс, 2018: 1) Бірақ тілді тереңірек тану үшін оны жан-жақты зерттеушілік қабілет те болуы қажет. Осы орайда, қазақ филологиясы ғылымының дүниеге келуі мен оның қалыптасуын сөз еткен кезде өзінің бар өмірін, таланты мен дарынын, ұлттық ғылымды дамытуға саналы ғұмырын арнағандардың бірі, бірегейі ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ тілтану бағытында өнімді жұмыс жасаған біртуар ғалым, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімін атап айтамыз. Ол ұлттық тілтану ілімін ғылыми негіздеп, іргетасын бекітіп, дамуына мол олжа салған дарынды ғұлама болатын. Биыл профессор Құдайберген Жұбановтың туғанына 126 жыл толып отыр. Оның өзі өмірде жоқ болса да, артына қалдырған ғылыми мұрасы бүгінгі ұрпақтың ой-санасын көтеріп, ғылым саласындағы жетістіктерімізді еселей түсуге ықпал етіп келеді. Ол қазақ

тілі лингвистикасының бар саласына түрен салып, заманауи тың ғылыми маңызы зор байламдар жасаған. Ұлттық тіліміздің ғылым сипатында қалыптасуына қажырлы еңбек еткен танымал тұлға, профессор, кең тынысты түрколог – Құдайберген Жұбанов (1899-1938). Ғұламаның түркітану бойынша жасаған ғылыми зерттеулерінде түркітану жалпы тіл білімі, түркі тілдерінің қалыптасуы, сол кездегі ахуалы толыққанды зерделенді. Атап айтқанда, ықылым замандағы түркі жазба ескерткіштерінің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жүйесі хақындағы пайымдаулары құндылығын күні бүгінге дейін жоғалтпады» (Абишева, Омарова, 2019: 2). Оның «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» жинағына кірген, 1936 жылы жарыққа шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығының әр саласы бойынша көптеген ғалымдар өз пікірлерін айтты. Осы оқулықтың жекелеген салалары бойынша тиісті мамандардың айтқан пікірлері болса да, оның барлық салаласының басын біріктіріп, бір еңбекте ғылыми тұрғыда толық қарастырған зерттеу жоқ деуге болады.

Зерттеу әдістемесі

Профессор Қ. Жұбановтың артына қалдырған ғылыми зерделеп, таразылаған сайын біз соны, тың жаңалықтарға куә болып, ұлттық тілтануымыздың ғылыми негізін қалаушы ретінде танытатын көземелдері мен ғылыми пайымдаулары бүгінгі ғылым жетістіктерімен астарласатынын анық бағамдаймыз. Бүгінгі грамматика саласындағы топшылаулардың қайнар көзі Қ. Жұбановтың еңбектерімен байланыстылығына көз жеткіземіз. Ұлттық лингвистикада сөз таптарының морфологиялық, семантикалық, синтаксистік принциптерін басшылыққа ала отырып, сөздерді таптастырудың теориялық мәселелері тұңғыш рет Қ. Жұбановтың ғылыми еңбектерінде зерделеніп, сөздерді таптастырудың теориялық қағидалары қалыптасты.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Бүгінгі жаһандану заманындағы лингвистика – ғылым дамуының жоғары деңгейіне көтерілген сан салалы, әр тарапты ғылым болып табылады. Оның құрамына тілдің әртүрлі бағыттары, тілтану мектептері, ғылыми зерттеудің әртүрлі әдіс-тәсілдері кіреді. Осы бағыттар, мектептер, әдіс-тәсілдер бірлікте қарастырылған жағдайда ғана тілі білімінің бүгінгі жетістігін нақты түсінуге болады, себебі тілтану ғылымының жалпы мазмұнын, қазіргі жетістігін арқылы енші алған жеке бір тілтану мектебі, болмаса ғылыми зерттеудің жеке бір әдіс-тәсілдері арқылы ғана айқындай аламыз. Соған орай, тіл білімін зерттеуші ғалымдардың да сол ғылымға қосқан үлесін анықтауда басшылыққа алынатын тарихи тұжырымдар әр кезеңде пайда болған, халық қажетіне жараған сан-салалы лингвистикалық мектептер – өз заманы танымынан бағалап, «бұған дейін не бар, оларға басқалар қандай өзгеріс жасады, ал қазіргілер жаңадан не қосты, қалай жетілдірді, артықшылықтары қандай?» деген көзқараспен қарастырылуы тиіс. Танымал ғұламалардың ғалымдардың ғылыми танымдарын талдау, оны пайдаға жарату – ғылым үшін, оның келешегі үшін зор маңызды қажеттіліктен туындайтыны белгілі. Ғылыми тілдік жәдігерлерді ізерлеу жалпы лингвистикада да, түркі тілдерін зерттеуде де ғылым ретінде барынша тұрақталғаны мәлім.

Талқылау және нәтижелер

Қ. Жұбановтың грамматика оқулығы туралы кезінде аға буын ғалымдарының бірі А. Ысқақов: «Аталмыш туынды өзінің құрылысы мен құрамы жағынан да, мазмұны мен талдау жүйесі жағынан да бұрын-соңды қазақ тілі грамматикаларының ғана емес, біздің елімізде шыққан өзге тілдердің грамматикаларынан да өзгеше еді», – деп, Қ. Жұбанов мұраларын ерекше мақтанышпен дәріптеп көрсетеді», – деген еді (Малбақов, 2013: 5) Профессор Қ. Жұбановтың грамматикаға қатысты ғылыми пайымдаулары туралы ғалым

А.Ә. Жаңабекова былай деп түйіндейді: «Қ. Жұбанов қазақ грамматикасына қатысты ғылыми теорияларды жазуда структуралық линвистиканың кәнігі әдіс-тәсілдерімен ғана шектелмеген. Осы күнгі грамматиканың жаңа бағыттары ретінде танылып жүрген ғылыми парадигмаларының қай-қайсысында болмасын Қ. Жұбанов түрен салмаған сала жоқ дерлік» (Малбақов, 2013: 5). Қ. Жұбанов сан есімдерді реттік түрі, есептік түрі, бөлшектік түрі деп бөлген (Жаңабекова, 2019: 6). Сан есімдер қазіргі ағылшын тілдерінде де осындай есептік, реттік, бөлшектік деген үш түрі көрсетіледі (Баданбекқызы, 2010: 7). Бұл қазақ тіліндегі грамматикалық категорияларды талдау барысында ғалымның кейде шетел тілдерімен де салғастырмалы түрде талдау жасағанын байқатады.

Бүгінгі таңдағы ғылыми грамматикаларда, оқулықтарда тұрақты қолданыс тағы «жұрнақ» терминін Қ. Жұбанов «үстеу» деген атаумен алған болатын. Ана тіліміздің заңдылығы негізінде, жұрнақтардың бір бөлігі, яки нәтижесінде сөзжасайтын жұрнақтар жалғанған сөзінен өзге соны мағынаға ие сөз пайда болады. Ал жұрнақтардың бір жарымы жалғанған сөзіне лексика-грамматикалық мағына ғана үстейді, сөз жасамайды. Ендеше жұрнақтардың үшінші бөлігі жалғанған түбірге тек таза грамматикалық мағына ғана жамайды. Олар – шақ, рай сияқты қосымшалар. Демек, жұрнақтардың табиғатында лексикалық немесе грамматикалық мағына үстеушілік қызметі бар. Сондықтан ғалым жұрнақтарды аталған айырымашылықтарына байланысты «үстеу» деген терминмен атағанын аңғарамыз. «Үстеу» термині бүгінде сөз табына қатысты жұмсалғанымен, Қ. Жұбановтың оларды тілдік табиғатына ашатын терминмен атағандығына ешкім де күмән келтірмейді.

Тілші-ғалым «үстеу» мен «жалғау» ерекшелігі туралы: «Ана тілімізде қосымшаның барлығы түбірдің соңынан жағынан жалғанады. Үстеу мен жалғаудың екеуі де жалғанса, үстеу бұрын келеді де, ең соңынан жалғау келеді... жалғау, көбінесе, бір сөзде біреу-ақ болады да, бір жалғаудың үстіне екінші жалғау жалғанбайды. Үстеу бірінің үстіне бірі жалғана береді де, бір сөзде біреуі ғана болмай, бірнешеуі бола береді. Мәселен, *ор-ақ-шы-лық* десек, бір сөздің өзінде *-ақ, -шы, -лық* деген үш үстеу пайда болады. Үстеу нешеу болса да түбір мен жалғаудың екі ортасында ғана болады да, жалғаудан кейін тұрмайды. Жалғау түбірге де, үстеуге де тіркеседі», – деп түсіндірген (Жұбанов, 2019: 3). Қосымшалы сөз бен түбір сөз тақырыбында: «Сөздің түп мағынасын беретін бөлшегін түп бөлшек немесе қысқартып, түбір дейміз» деп тұжырым жасайды (Жұбанов, 2019: 3). «Сөздің түбірі оңаша тұрмай, қосымша қосып алып тұрса, қосымшалы сөз дейміз», – деп түбір мен қосымшаға анықтама берген екен (Жұбанов, 2019: 3). Ал жалғауға төмендегідей анықтама берген: «Мұндай, бір сөзді басқа бір сөзбен қиындастыру үшін жалғанатын қосымшаны жалғау дейміз» (Жұбанов, 2019: 3) Ғұлама Құдайберген Қуанұлы түбір сөзге жалғау қосылса, жалғаулы сөз болады деп, төмендегілерді мысал етіп береді *көл-ді, көл-де*, түбір сөзге үстеу қосылса, үстеулі сөз болады дей келе, мынадай *көл-шік* сөзін дәлел ретінде алған, яғни сөз түрлендіруші жұрнақты үстеу деп белгілейді. Ғалым жалғаулар аз да, үстеу көп болатынын да ғылыми негізге сүйене отырып дәлелдеген. Осы үстеу мен жалғауды қосымшалы сөз деп атаған екен. Түбір негізді түп негіз, үстеулі сөзді туынды негіз деп атаған. Өлі қосымша ұғымын да ғылыми айналымға енгізіп, оны да түсінікті тілмен былайша баяндаған: «осы уақытта қосымшалардың үстеулі сөз жасай алатынын немесе бір сөзбен екінші сөзді осы күні де байланыстыруға жасайтынын тірі қосымша дейміз», – десе, «бүгінде қолданудан шығып қалған қосымшаларды өлі қосымша дейміз», – деген тұжырым жасаған (Жұбанов, 2019: 3). Қ. Жұбанов өз кезеңінде ғылыми грамматиканы қалыптастыруда қалың бұқараға таныс әрі сол кезең үшін ұғынықты терминдер ойластырып, өскелең жастардың ғылыми грамматиканы оңай қабылдауы мақсатында қарабайыр тілмен анықтамаларды соқырға таяқ ұстатқандай қылып, түсінікті тілмен жазаған. Лингвистикалық терминдерін дәл анықтай отырып, теориясын да қарапайым тілмен баяндады. Бірақ одан терминдердің ғылыми құндылығына еш

көленке түспеді. Бүгінгі қазақ тілі морфологиясындағы тілдік терминдерді өз түсінігі мен ұғымына орай шақтады.

Қ. Жұбанов қосымшалардың түбірге жалғану реті туралы да пайымдаулар жасаған. Мысалы, *-да, -де* жатыс септігінен кейін *-ғы, -гі* жұрнағының және *-дай, -дей* жұрнағынан кейін жалғаулардың жалғануына (*нардайлары, үйдейлері*) байланысты «ескертулер» жазған еді. «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында «Есімдерден сын есім тудыратын өнімді жұрнақтар» деген тақырыпта «*-қы, -кі, -ғы, -гі*» жұрнағы арқылы кейбір зат есімдерден, есімдіктерден, үстеулерден, сондай-ақ жатыс септік формасындағы сөздер мен әредік шығыс септіктегі сөздерден туынды сын есімдер жасалады», – деген түсінік беріліп, «түпкі, ішкі, төргі» сияқты сөздермен бірге, «сөйлегендегі, орталықтағы, заводтағы» сияқты мысалдар келтіріледі (Ысқақов, 1991: 8). Ал Қ. Жұбанов жатыс септігінен кейін жалғанғанда «*-ғы, -гі*» жұрнағының форма ғана тудырып, жаңа сын есім сөз жасамайтындығын тұңғыш анықтап, безбендегенін байқаймыз. Тілші-ғалым қосымшалардың орын тәртібіне байланысты бапта сын есім тудырушы «*-дай, -дей*» жұрнағының көптік, тәуелдік, тіпті септік жалғауларынан кейін жалғанатындығын атап көрсетіп қана қоймай, оны септік жалғауы деп таңбалап, «теңдес септік» қосымшасы деп көрсетеді. Ал форма тудырушы қосымшалардан кейін жалғанатын «*-ша, -ше*» қосымшасын «меңзес септік жалғауы» деп атаған. Сондықтан қазір сын есім тудырушы жұрнақ ретінде беріліп жүрген «*-ғы, -гі, -дай, -дей*» сияқты функционалды қосымшалардың басқа жұрнақтардан ерекшеліктерін Қ. Жұбанов жақсы аңғарған.

Қазақ және орыс тілінде жазылған мақалалары арқылы тек қазақ тіл білімінде ғана емес, түркітану саласында алғашқылар қатарында сөзжасамдық жұрнақтарды тарихи-салыстырмалы түрде зерттеген ғалым Қ. Жұбанов еді. Түркітануда «*-дай/-дей*» қосымшасы жұрнақ па, шылау ма деген мәселе көтеріліп, оның шығу тарихына деген қызығушылық туғызған болатын. Қ. Жұбанов *-дай/-дей* қосымшасының пайда болуын моңғол тіліндегі «од-шегін», «од-тегін» сөздерімен байланысты зерттейді. Аталған сөздердің түпкі мағынасы – «бала» ұғымы. «Кішкентай, тек, ұрпақ, тұқым, көбею» сөздерінің арасында табиғи байланыс бар деген болжам жасаған. Көрнекті ғалым салыстыру мәнін білдіретін «*-дай/-дей*» қосымшасын, кішірейткіш мәнді білдіретін «*-тай/-тей, -шақ/-шек, -ша/-ше*» қосымшаларының пайда болу тарихын «шаған, тегін, шегін» сөздерімен байланыстырған. Ана тіліміздегі «бала-шаға» қос сөзінің құрамындағы «шаға» сыңарын, сонымен бірге «шағын» (кішкентай) сөздерін осы сөздерден тарағандығын дәлелдейді. Қ. Жұбановтың пікірінше, *-дай/-дей* қосымшасының шығу төркіні – «род», «происхождение» мәнін білдіретін «тек» сөзінен болғанға ұқсайды. Осы тұжырымды қазіргі сөзжасам мәселесімен айналысып жүрген зерттеушілер де мойындайды. Сөзжасам саласының маманы, ғалым Н.М. Алдашев өзінің «Профессор Қ. Жұбанов және сөзжасам жұрнақтары» деген мақаласында: «Бұл мәселені зерттеуде профессор Қ. Жұбанов алғашқылардың бірі болып синтетикалық тәсілмен жасалған сөздердің, сөзжасамдық жұрнақтардың қыр-сырын, табиғатын ашып дәлелдеді», – деп нақтылайды (Алдашев, 2019: 9).

Ғалым Қ. Жұбанов өз кезегіне дейінгі зерттеулерде сөз тудырушы қосымшалар сипатында бағаланып жүрген «*-ғыл, -ғылт(-ым), -шыл, -ша*» т.б. жұрнақтары мен «*-ақ*» демеулігін де шырай көрсеткіштері ретінде пайымдайды. Сондай-ақ зат есімнің «белгілі түрі», «белгісіз түрі» деген терминдерді де кәдеге жаратқан. Белгісіз түрінде зат есімдерге «бір» сөзінің жалғанатынын ескертеді. Бұл пікір қазіргі функционалды-семантикалық зерттеумен байланысты деуге болады.

Қ. Жұбанов етістердің бірінің үстіне бірі жалғанатын тілдік табиғатын аңғарып, оның үстемеленіп жалғанған түрін «сағыс етіс» деп атайды (Жұбанов, 2019: 3). Етіс түрі ретінде көрсеткен «дүркінді етіс» тұлғасы *-ғыла/-гіле* жұрнағы барлық етістік түбіріне жаппай жалғана қоймайтынын айқындап, «Бұрынғы дүркінді етіс (ат-қыла, шап-қыла) дегенді де

шығарып тастадық. Себебі, осындай бірді-екілі түбірде ғана болады да, етістік түбірдің бәріне бірдей келіңкіремейді, мысалы, «оқығыла, естігіле» деп айтпаймыз. Біріндеген (тепкіле сияқты) сөзге болса, соны етіс деуге келмейді. Расында «тепкіле» деген «тепкі» деген есімге –«ле» үстеуі жамалып жасалған түр», – дейді (Жұбанов, 2019: 3). Қазақ лингвистикасында алғашқы болып *отыр, тұр, жатыр, жүр* көмекші (қалып) етістіктеріне ғылыми түрде саралау жүргізген ғалым – Қ. Жұбанов болатын. Ғылыми деректерге иек арта, көрсетілген көмекші етістіктердің грамматикалық функциясын, олардың негізгі етістіктерге жапсарлас тәуелділігін ашу арқылы зерттеуші конкретті және абстрактылы құбылыстардың тілдегі көрінісін шебер ашып көрсетеді. Абстрактілік пен конкреттілік – ақыл-ой процесінің екі шарты. Адамның ойы әр уақытта қимылмен байланысты болады. Қазіргі кезде іс-әрекеттің мезгілдік жағынан шектелуін, белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асуын аспектуалдық процесс дейміз. Етістіктің шақ категорияның тілдік табиғатына терең барлау жасап, оның зерттелуіне, шақ категориясы туралы ғылыми танымның қалыптасуына ерекше үлес қосты. Көмекші етістіктердің қимылдың әр мезетін дәл суреттеуге болатыны, ана тілімізге көрініс (вид) категориясының жат екендігі, «тұр, отыр, жүр, жатыр» етістіктерінің осы шақты білдірудегі өзіндік айырмашылықтары, «кел, бар» етістіктерінің амалдың өту деңгейін (фазасын) көрсете алатыны туралы маңызды байламдар жасаған. Сөйлеу кезіндегі іс-әрекеттің созылыңқылығы мәселесі де Қ. Жұбанов еңбектерінде алғаш сөз етілген. Қ. Жұбанов шақ формаларын жіктеуде олардың беретін мағыналарына ерекше мән берген. Ол шақ түрлерін үш топқа бөліп зерттейді де, одан әрі қарай оларды жік-жікке бөліп таратады. Өткен шақтың мағынасын сөйлеп тұрған кезден бұрын болған істі білдіру деп, оны былайша тоғыз топқа жіктейді: 1) Айғақ өңді өткен шақ (істің болғанына айтушы куә, айғақ бола сөйлейді (жазыпты, оқымапсың, білмеппіз); 2) Аулақ өңді өткен шақ (істің болғанын айта тұрып, өзі басықасында болмағанын қоса білдіреді (жазған, оқыған соң, көргенбіз); 3) Мойындау өңді өткен шақ (істің болған-болмағанын мойындай сөйлейді (жазған, оқыған соң, көргенбіз); 4) Күмән өңді өткен шақ (жазған шығар); 5) Айғақ баяғылық (ертеде істің болғанына не болмағанына айғақ бола сөйлейді (жазып еді); 6) Аулақ баяғылық (сондай ертеде өткен істің болғанынан, не болмағанынан аулақ болғанын қоса білдіреді (жазған екен); 7) Әдетше баяғылық (ертеде өткен істің әлденеше рет болып, әдет болғанын хабарлайды (барушы едім, баратын едім); 8) Опық баяғылық (ертеде өткен іске опына хабарлайды (баратын едім); 9) Арман баяғылық (бармас па едім) (Жұбанов, 2019: 3) Келер шақты төртке бөліп көрсетеді: 1) Кесімді келер шақ (баратын, жазбайтын); 2) Болжалды келер шақ (барармын, оқымаспын); 3) Мақсатты келер шақ (жазбақпын); 4) Тілекті келер шақ (1) жазар едім, 2) жазайын (тек I жақ қана) (Жұбанов, 2019: 3) Осы шақты дағдылы осы шақ (қазір ауыспалы осы шақ) және дәл осы шақ (қазір нақ осы шақ) деп жіктейді. Қ. Жұбанов дағдылы осы шақтың келер шақ не осы шақ екені төңірегіндегі басқа сөздерден көрінетінін атап өтеді. Мысалы, *Сиыр мөңірейді* – осы шақ, *Ертең сиыр мөңірейді* – келер шақ; Дәл осы шақты өз ішінде былайша төрт түрге бөледі 1) Жалпы осы шақ (жазып жатырмын). Істің нақ осы кезде істеліп жатқан болуы да немесе көптен бері созылып келе жатқан іс болып үздік-создық жүріп жатқан іс болуы да мүмкін, осыны жалпы түрде айтсақ, етістік жалпы осы шақта болады; 2) Кәдімгі осы шақ (жазып жүрмін). Ұзаққа созылған, үздік-создық істеліп келе жатқан істің жайын айту керек болса, кәдімгі осы шақпен айтамыз; 3) Қазіргі осы шақ (жазып отырмын). Істеуші дәл осы кезде іс үстінде екендігін көрсету үшін қазіргі осы шақ қолданылады; 4) Әзіргі осы шақ (жазып тұрмын). Дәл осы кезде болып жатқан және өзі сол қалпын жоймаған істі көрсеткіміз келсе, әзіргі осы шақпен береміз (Жұбанов, 2019: 3) Қ. Жұбанов «отыр», «жатыр», «тұр», «жүр» деген төрт көмекші етістіктердің морфологиялық ерекшеліктерін тап басып зерделеп, өзіне дейінгі тарихи-теориялық зерттеулерде айтылмаған мәселелерді қозғап, көмекші етістік семантикасы мен құрылысының басты ерекшеліктері мен заңдылықтарын талдайды.

Ғалым көмекші етістіктердің жетекші етістіктерге үстейтін грамматикалық мағынасын шақ ұғымы, нақтырақ айтқанда, осы шақ арқылы түсіндіруге ниеттенген. Төрт қалып етістігін біріктіретін ортақ семантика шаққа қатысты болса, ал ерекшелігі – қимылдың өту ағымын сипаттап беруінде. Сонымен бірге лингвист-ғалым жетекші етістік пен төрт көмекші етістік тіркесімділігі алдыңғысының лексика-семантикалық ерекшелігіне де байланысты болып келетіндігін дәл аңғарған тәрізді. Құдайберген Қуанұлы көмекші етістіктерді үш топқа бөліп қарастырады 1) төтенше: отыр, жүр, жатыр, тұр; 2) кеміс: е, де, бол, шығар; 3) толық: ал, сал, қал, жібер, бер, қой т.б. (Жұбанов, 2019: 3) Ғалым өзі көрсеткен көмекші етістіктің күрделі етістік құрамында келіп, өзіндік ерекше мағына білдіретіндігін ескертеді. Ол мағыналарының лексикалық мағынадан бөлек қимылдың созыңқылығын, мезгілге қатысын білдіретіндігін нақтылайды. Осындай күрделі етістік проблемасы, оның құрамы мен сыңарларының мағыналық дәрежесі тағы да басқа тілдік қасиеттері турасында ізбасар лингвистер маңызды зерттеулер жасаған болатын. Көмекші және күрделі етістіктер жөніндегі Қ. Жұбановтың ғылыми тұжырымдарының қазіргі қазақ тіл білімінде дамуы туралы жұбановтанушы ғалым А. Омарова былайша түйіндеген еді: «Қ. Жұбанов қазақ тілтану саласындағы қысқа ғана ғұмырында шын мәніндегі нағыз ғылыми теориялық зерттеулер жасап, қазақ тіл білімінің негізін бекітіп, қазіргі тіл білімінде ғылыми мәнін жоймаған зерттеу еңбектерін қалдырумен бірге қазақ тіл білімі ғылымының ары қарай дамуына негіз болатын ғылымның мол қайнар көзін ашты» (Омарова, 1999: 10). Қ. Жұбанов «отыр», «тұр», «жатыр», «жүр» етістіктерінің басқа етістіктерде кездеспейтін айрықша белгілері жөнінде жасаған тұжырымдары осы бағыттағы зерттеулерге ерекше ықпал еткен еді. Ғалым А. Омарова өз зерттеуінде Қ. Жұбановтың шақ категориясы теориясының ғылыми негізін қалағанын, көмекші етістіктер теориясын анықтап, оның дамуына жол ашқанын, түркітануда тұңғыш рет түркі тілдерінде вид категориясы жоқ екенін, қазақ тілінде сөздің аналитикалық тұлғасын көрсетіп, танығанын, етістіктер мәселесіндегі көзқарас-тұжырымдары қазақ тіл біліміндегі алғашқы ғылыми-теориялық зерттеу екендігін, қимылдың өту сипаты категориясының қалыптасуы жөніндегі теориялық еңбектердің негізі болғанын және оның қазіргі қазақ тілі грамматикасы теориясының дамуына ықпал еткенін дәлелдеген еді.

Қ. Жұбанов сын есімнің шырайлары жайында да өресі биік пайымдаулар жасаған. Дәлірек айтсақ, Қ. Жұбанов шырайлардың осында түрлерін атап көрсетеді: 1. Жай шырай; 2. Араластырмалы шырай (бірі тура күйде, бірі шығыс жалғаулы күйде болады); 3. Салыстырмалы шағын шырай (-рақ, -рек, -леу); 4. Жалаң шағын шырай (қызғылт, қаралтым, көтеріңкі, созылыңқы); 5. Таңдаулы шырай (өте қысқа, қып-қысқа, ұзын-ақ); 6. Орта шырай (бір қос, бірсыпыра, бірқатар, бір жөн, едәуір).

Қорыта айтқанда, Қ. Жұбановтың морфологияға қатысты атап көрсеткен мәселелері қазіргі кезде де өзекті болып табылады. Өз уақытында ғылыми грамматиканы жасауда қалың бұқараға ұғынықты терминдермен сол уақыт үшін нақты терминдерді дүниеге әкеліп, өскелкең ұрпақтың ғылыми грамматиканы меңгеруі үшін қарапайым тілмен ережелерді берген. Тілтану терминдерін бере отырып, теориясын да түсінікті тілмен таңбалаған. Бүгінгі таңдағы қазақ тілі морфологиясындағы терминдерді өз түсінігі мен ұғымына сай шақтай алды.

Қ. Жұбановтың «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбегінің үшінші бөлімі «Сөз тұлғалары» деп аталады, осында сөз тұлғасын былайша түсіндіріп, анықтама берген. Алдымен, Ілиястың мына өлеңін мысалға келтіреді: «Ауылдың алды айдын көл, Айдын көлде шағала. Айдын көлді жағала!». Осы өлең жолында айдын сөзі үш рет келген, үшеуінде де бір қалыпты, бірінен – бірі айырмасы жоқ, көл деген сөз де үш рет келген, бірақ бұл үшеуінде үш түрлі: Бірінші жолда – көл түрінде, екінші жолда – көлде түрінде, үшінші жолда – көлді түрінде. Осындағы сияқты бір сөздің өзі түрлі орында

түрліше кейіпке кіруі мүмкін. Сөздің сыртқы көрінісін сөздің тұлғасы дейміз, – деп анықтама береді (Жұбанов, 2019: 3). Құдайберген Жұбанов ең бірінші тілдегі сөздерді «түбір тап», «шылау тап», «одағай тап» деп үш топқа жіктейді. Ғалым сөздерді тапқа бөлу үшін олардың мағыналық жағына ғана көңіл аудару тым аз екенін, сол себептен сөздің мағынасымен қатар оның құрамына, сөйлемдегі қызметіне де қарап, осы үш түрлі өлшеуді қатар алып отыруға көңіл бөлген. Осы үшеудің сынына сай келсе ғана оны бір сөз табына жатқызуға болатынын дәлелдеген. Бұл үшеудің бірі – мағына, екіншісі – морфология, үшіншісі – синтаксис екені көншілікке белгілі. Қазіргі кезде қазақ тіл білімінде орныққан сөз таптастырудың үш принципінің атын атап, түсін түстеп көрсеткен алғашқы маман профессор Қ. Жұбанов екендігін білеміз. Қ. Жұбанов өз зерттеулерінде қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру мәселесіне ерекше назар аударып, реті келгенде оны қайта-қайта ғылыми тұрғыда негіздеп кеткен еді. Сөздің қай сөз табына жататындығын сөйлем құрылысындағы қызметі мен тұрған орнына қарай айту керек. Сондықтан сөз таптарының синтаксистік қасиетін ескеру керек. Оны әр сөз табының арнаулы қасиеті деу керек. Тапқа айырғанда үш түрлі негізге сүйенеміз: 1) лексикалық қасиеттеріне қарай; 2) морфологиялық қасиеттеріне қарай: қандай қосымша, қандай қосалқы ерітетіндігіне қарай; 3) сөйлемде қай мүше болатындығына, қай орында тұратындығына қарай. Осы үш сипаттың үшеуі бірдей табылса, сонда ғана түбірді белгілі бір сөз табы деп санауға болады», – деген пікірінің ғылыми маңызы зор (Жұбанов, 2019:3).

Ғұлама ғалым Қ. Жұбанов ана тіліміздегі сөздерді таптастыру қағидаттарын айқындаумен нақты айналыспаса да, грамматикаға қатысты еңбектерінен ғалым бұл мәселені назарынан тыс қалдырмағанын көреміз. «Жанғазыға хатында» сөздерді таптастыруда ерте заман грамматистерінен келе жатқан үрдіспен тек семантикалық принципке ғана сүйеніп топқа бөлудің дұрыс еместігін айтып, «жалғыз мәнмен мәселе шешілмейді» деп түсіндірген. «Ана тілімізде үш түрлі өлшеуді қабат алып отыру заңдылық. Осы үшеуінің бірдей сынына толса, сонда ғана бұл пәлендей сөз табы деуіміз керек. Ол үшеудің бірі – мағына, екіншісі – морфология, үшіншісі – синтаксис», – деп, қазіргі тіл біліміндегі сөз таптастырудың орныққан үш қағидаттарын анықтаған (Жұбанов, 2019: 3). Осы тақырыпқа қатысты зерттеу жүргізген ғалым С.С. Мұхтаров қазіргі таңда қазақ тіл біліміндегі сөздерді таптастырудың қалыптасқан үш принципі – лексика-грамматикалық немесе семантикалық, морфологиялық, синтаксистік принциптері өз кезеңінде Қ. Жұбановтың бұл мәселенің басын ашып беруінен тікелей бастау алатыны айқын. Сол себептен ғалымды ұлттық тіл білімінде сөз таптастыру қағидаттарын анықтау жұмысының ғылыми негіз қалаушы деп тануымыз керек дейді. «Профессор Қ. Жұбанов «Қазақ тілінің жоғары курсынан дәрістер» атты еңбегінің «Түбір мүшенің таптары» деген бөлімінде сөз табына қатысты белгілерді жүйелі түсіндіре келіп: «Тапқа айырғанда үш түрлі негізге сүйенеміз: 1. Лексикалық қасиетіне қарай; 2. Морфологиялық қасиетіне қарай, қандай қосымша, қандай қосалқы ертетініне қарай; 3. Сөйлемде қай мүше болатындығына, қай орында тұратындығына қарай» деп сөз таптастырудың үш принципін шегелей атайды», – дейді ғалым С.С. Мұхтаров (Мұхтаров, 2004: 11).

Сөздің тұлғасы немесе морфемалар туралы зерттеу морфологиядағы негізгі проблема екені аян. Ұлттық тіліміздегі морфология мәселелері, оның ішінде сөздердің құрылысына қатысты алғашқы ойлар шығыс зерттеушілері Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский, М. Терентьев, В.В. Катаринскийдің қазақ тіліне орайластырып таңбалаған сан алуан грамматикалық еңбектерінде көрініс береді

Тіл тынысын терең зерделеуші Қ. Жұбановтың «Сөз тұлғаларының бәрі де түбір, қосымша, қосалқы – үшеуінен құралады» деген тұжырымы ұлттық тіл біліміндегі морфемалар жүйесін зерттеуде басты назарға алынды. Лингвист-ғалымның сөз тұлғасын «түп мүше» және «жамау мүше» деп атаған тұжырымын А. Ысқақов түбір морфема, қосымша морфема деп белгілеген. Түп мүшені Қ. Жұбанов «...сөздің түп мағынасын

беретін түп бөлшек» деп түсіндірсе, А. Ысқақов оны түбір морфема «сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең түпкі негізі» деп, ғалым пікірін одан әрі толықтырған. Орта түркілік қыпшақ жазба ескерткіштері тіліндегі сөздердің морфемалық құрылысы Ә. Ибатов зерттеулерінде қарастырылған. Өз кезегінде ана тіліміздің морфемалар жүйесі танымал ғалымдар А. Қалыбаева мен Н. Оралбаева еңбектерінде жан-жақты көрсетілген.

Қ. Жұбанов сөз тұлғасын алты арыс болатынын былайша сипаттаған: түбір сөз, қосымшалы сөз, кіріккен сөз, қыйулы сөз, қосар сөз, қосалқылы сөз (Жұбанов, 2019: 3). Қ. Жұбанов бүгінгі оқулықтарда беріліп жүрген жалаң және туынды сөздерді, дара және күрделі сөздерді, яғни синтетикалық, аналитикалық сөздерді саралап, олардың ерекшеліктерін анықтаған. Ол сөз тұлғасын үш түрге бөліп, оларды түбір, қосымша, қосалқы сөздер деп атаған. Қ. Жұбанов сөздің түбірі мен қосымшасын ажырата отырып, оның өзіндік табиғатына сипаттама беріп, қазақы айтылымдағы терминмен атау жолын нұсқайды. Қазіргі оқулықтардағы «сөз формасы», «морфема», «түбір морфема», «қосымша морфема», «негізгі морфема», «қосымша морфема» деген терминдердің қазақша аталуы Қ. Жұбанов еңбектерінен басталған. Оның бүгінгі таңдағы оқулықтардағы «сөз формасы» деген ұғымды «сөз тұлғасы» деген терминмен атағанын аңғарамыз. Нақтырақ айтқанда, Қ. Жұбанов қолданысындағы «сөз тұлғасы» сөздің жалаң және туынды, дара және күрделі сөздер болып келуін, яғни сөздердің синтетикалық, аналитикалық сыртқы құрылымдарын атауға байланысты аталғанын көреміз. Ұлттық лингвистикада лексика, фонетика, грамматика салаларының терминдерінің қалыптасуына Қ. Жұбановтың еңбектері арнайы зерттеуге сұранып тұрғандай. Қазіргі кезде қолданылып жүрген терминдердің біршамасын Қ. Жұбанов ғылыми айналымға енгізгенін естен шығаруға болмайды.

Қ. Жұбанов өзінің ғылыми тұжырымдарында «сөздің бір қалыпта тұрмайтынын», «өзгеріп, түрленіп отыратынын» ескерте отыра, «Сөздің сыртқы көрінісін сөздің тұлғасы дейміз», – деген тұжырым жасап, сөз тұлғасының түріне қарай оларды мына тұрғыда алтыға бөледі: «1. Түбір сөз, 2. Қосымшалы сөз, 3. Кіріккен сөз, 4. Қыйулы сөз, 5. Қосар сөз, 6. Қосалқы сөз». Қ. Жұбанов сөз тұлғасын осылай алты арыс болады деп бөле отырып, морфологияға мына тұрғыда пайым жасайды: «Сөз-сөздің қалай құралатынын жалпы түрде қарайтын ғылымды жалпы морфология дейміз (Жұбанов, 2019: 3). Ғалым Қ. Жұбановтың осындай атауларды берудегі шеберлігі, атаулардың теориялық жағынан да дәлдігі және таным тереңдігімен бағаланады, сол аталымдар негізінде айтқысы келген ой-толғамы кейінгі грамматикада анықтамалар мен ережелерді қалыптастыруға негіз болды.

Профессор Құдайберген Жұбановтың теориялық қисындары тілтану ілімінің тек морфология саласы бойынша ғана емес, сөзжасам саласының қалыптасуында да маңызды роль атқарды. Ғалымның қосымшаларға, күрделі сөздерге, біріккен сөздерге, қос сөздерге, қысқарған сөздерге қатысты ойлары жаңа сала ретінде морфологиядан бөлініп, жаңа атау тіккен сөзжасам саласына да тікелей қатысты болатын. Қ. Жұбанов «Сөздің түп мағынасын беретін бөлшегін түп бөлшек, немесе қысқартып түбір дейміз», – деген байлам жасап «Айдын көл-де шағала, Айдын көл-ді жағала», – деген өлең жолындағы «көл-де, көл-ді» сөздерінің түп бөлшегі «көл» деп айқындаған. «Сөздің түбірі оңаша тұрмай, қосымша қосып алып тұрса, қосымшалы сөз дейміз», – деген анықтама бекітіп, жоғарыда мысалға келтірген өлең жолындағы сияқты жағдайдағы «көл-де, көл-ді, көл-шік» қосымшалы сөздері деп көрсетеді (Жұбанов, 2019: 3). Түбір сөздер жаңадан жасалатын сөздің түпкі негізі болғандықтан мұндай морфемаларды түбір негіздер деп білеміз. Сондықтан сөзді құрамына қарай талдаған кезде «түбір», «негіз», «туынды негіз» терминдеріне назар аударатын болсақ, осы мәселелерді Қ. Жұбановтың жан-жақты талдағанын аңғарамыз. Туынды негіздердің бір немесе бірнеше артық жұрнақтардан

жасалатыны мәлім. Оның құрамына біріккен сөздер, қос сөздер, қысқарған сөздер мен құранды сөздер де жатқызылады. Тілтану ілімінде туынды негіздер деп түбір негіз тұлғаларға әр түрлі сөзжасам аффикстер қосып айту арқылы жасалған туынды сөздерді айту тұжырымы қабылданған. Ұлттық лингвистикада туынды негіздер құрылымына қарай жалаң және күрделі болып, жалаң туынды негіздерге жаңадан сөз тудырушы сөзжасам аффикстер арқылы жасалған туынды сөздер кіргізілсе, күрделі туынды негіздерге біріккен сөздер, қос сөздер, қысқарған сөздер және құранды сөздер енгізілген. Бүгінгі таңда «туынды түбір» болып айтылып жүрген ұғымды тұңғыш рет профессор Қ. Жұбанов «туынды негіз» деп кәдеге жаратқан.

Ғұлама ғалым өзінің грамматика оқулығында біріккен сөздерге «кіріккен сөздер» деген айдар таққан. «... екі түбір, үш түбірден құралып тұрып, бір түбір болып кеткен сөздерді кіріккен түбірлер дейміз», -деп, «белбеу», күндіз», «айаз» деген сөздерге тілдік талдау жасайды оған мына тұрғыда түсінік береді. «Кіріккен сөздердің көнесі мен жаңасы» деп, оларға төмендегіше анықтама береді: «Ерте құралып, арасының жігін жоғалтып кеткен сөздерді кіріккен сөздердің көнесі дейміз. Жаңадан құралып, әлі жігін жоғалтпағандарын – жаңасы дейміз» деп екі топқа бөлген. Көне түріне кішкене кіші+ғана, келсап келі-сап тәрізді фонетикалық өзгеріске түсіп барып қалыпқа енген сөздерді енгізген де, жаңа түрінің тобына өзгеріске ұшырамаған «қолғап», «күнбағыс», «айғабақ», «белбуар» тәрізді сөздерді орналастырған. Қ. Жұбановтың ғылыми дискурсында сарапқа салынған аталған проблемалар профессор А. Ысқақовтың еңбектерінде «біріккен сөздер» деп беріліп, біріккен сөз және кіріккен сөз ретінде екіге топталған. Құдайберген Қуанұлының тілдік мұраларындағы аталмыш термин бүгінгі таңда барлық зерттеулер мен оқулықтарда қолданылып жүргенін білеміз.

Қ. Жұбанов «қыйулы сөздер» деп «екі сөзден құралып, бір нәрсенің атын көрсетіп, тұратын», «әрқайсысы о баста екі сөз болғанмен, бүгінде бір сөз болып кеткен» сөздерді айтып, оны «жалғасушы кіріккен», «қиюлы кіріккен» деп екі түрде қолданған. Жалғасушы кіріккен сөздер «қолғап», «ашудас» сияқты тұтас күйінде жалғасып кіріккендер, ал қиюлы кіріккен сөздерде «ауатком» – аудандық атқару комитеті, «аухалтер» – аудандық халық тергеушісі деген бірнеше сөздің қиылып кіріккендерді көрсеткен. Тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізген Қ. Жұбановтың осы ғылыми талдауындағы тілдік терминдер мен топқа жіктелуі бүгінгі оқулықтарда қолданылып жүргенін аңғарамыз.

Профессор Қ. Жұбанов өз зерттуінде «қосар сөздер» деп қазіргі қос сөздерді белгілеген. «Қосарынан айтылатын сөздерді қосар сөздер дейміз», -деп «бала-шаға», «үлкен- кіші», «ұзын-қысқа», «сатыр-сатыр», «көзбе-көз», «шай-пай», «қап-қара», «сап-сары» деген сөздерді мысалға келтірген. Ғалым қосар сөздерді іштей былайша жіктеген:

1) Теңдес қосар: а) Мәндес қосар:(бала-шаға, қатын-қалаш, қыз-қырқын т.б); б) Қайшы мәнді қосар (үлкен-кіші, аға-іні, ұлы-қызы, т.б.); в) Көрші мәнді қосар (тау-төбе, әке-шеше, аяқ-табақ, т.б) (Жұбанов, 2019: 3). Қ. Жұбанов «Екі тең сөз бір қосақталса, теңдес қосар дейміз», – деп түсіндірген. Бүгінгі оқулықтарда бұл аталған топ «қосарлама қос сөздер» деп берілген.

2) Сөздес қосар: а) Үндес қосар (сатыр-сұтыр, жарық-жұрық, қаңғыр-күңгір, т.б); б). Өңдес қосар (ұзын-ұзын, жылы-жылы, бара-бара, т.б) (Жұбанов, 2019: 3).

Қ. Жұбановтың ғылыми талдауында сөздің бұл түрі «Екі тең сөз бір қосақталмай, бір сөздің өзі екі қайтара айтылса, сөздес қосар дейміз», – деп жіктелген.

3) Матаулы қосар (қолма-қол, жүзбе-жүз, көзбе-көз, ауызба-ауыз т.б).

Қ. Жұбановтың ғылыми талдауында «Қосақталған сөздердің өздері ғана бір-бірімен жалғасып тұрмай, арасында матастырып тұрған дәнекер болса, матаулы қосар дейміз», – деген анықтама берілген (Жұбанов, 2019: 3) Бүгінгі таңдағы оқулықтарда бұл аталған топ «қайталама қос сөздер» деп таңбаланған.

4) Тіркеулі қосар (жылқы-мылқы, шай-пай, нан-пан, астық-мастық, т.б)

Қ. Жұбановтың ғылыми талдауында бұған «Өздігінен айтылмайтын бір сөз екінші бір сөздің артынан тіркеле қосақталса, тіркеулі қосар дейміз», – деген анықтама берілген (Жұбанов, 2019: 3). Қазіргі оқулықтарда бұл аталған топ та «қайталама қос сөздер» деп берілген.

5) Қосақты қосар. «Сөздің алдына бір буын қосылып айтылатыны да болады», – деп, «қап-қара», «қып-қызыл», «ұп-ұзын», «кіп-кіші» деген т.б сөздерді мысалға келтірген (Жұбанов, 2019: 3). Қазіргі оқулықтарда бұл аталған топ та «қайталама қос сөздер» деп ажыратылып жүр. Қазіргі оқулықтарда тек 1) қосарлама қос сөздер, 2) қайталама қос сөздер деп тек екі түрге ғана ажыратылуынан Қ. Жұбановтың ғылыми талдауындағы осы терминдер мен топқа бөлуі әлдеқайда үйлесімді деп білеміз.

«Қайсыбір сөздер түбірше, онша жұмсала алмай, басқа бір түбір сөз, үстеулі сөз, жалғаулы сөздердің біріне қосалқы болып ғана жүре алады. Ондай сөздерге көбінесе жаңадан үстеу де, жалғау да жалғанбайды. Осындай сөздерді қосалқы сөздер дейміз», – деп, «шейін», «сайын», «менен», «да», «тым», «өте», «ең» деген т.б сөздерді дәлел ретінде берген (Абишева, Омарова, 2019: 2). Қ. Жұбановтың өзіндік ғылыми талдауында осы топтағы сөздер қазіргі таңда шылаулар деп берілген. «Бірінде сөз түбірінің алдында тұрады. Ондайларын дәйек қосалқы дейміз», – деп, «тым», «әрең», «бек», «қас», «өте» деген т.б. сөздерді мысалға алады. Ал «Бірінде – түбір сөз, үстеулі сөз, жалғаулы сөздердің соңынан келеді. Ондайын аяқ қосалқы дейміз», – деп, «шейін», «сайын», «мен», «да», «ақ», «ғой» деген т.б. сөздерді мысалға ретінде алған (Жұбанов, 2019: 3). «Бір сөздің өз мағынасын ғана үстейтін қосалқыларды, үстеуге ұқсағандықтан, үстеуіш қосалқы дейміз», – деген тұжырым жасаған. Ал оның тағы бір түрін «Бір сөзді бір сөзбен, я бір сөйлемді бір сөйлеммен қиындастыру үшін тұратын қосалқыларды, жалғауға ұқсағандықтан, жалғауыш қосалқы дейміз», – деп қисындаған (Жұбанов, 2019: 3).

Қ. Жұбанов қосалқылар қосылып айтылған сөз тұлғасын бүтіндей тіркесімен алып, «қосалқылы сөз» деп көрсеткен болса, А. Ысқақов мұндай сөз тұлғаларын «күрделі етістік» тобында талдаған, ал Н. Оралбаева «көмекшілі сөз» деп атаған. Қосалқылы сөзтұлғаны «жалаң сөзтұлғадан» бөліп алу үшін Қ. Жұбановтың атауын негізге алып, сөздің мұндай түрлерін «қосалқылы сөзтұлға» деп атау біздің ойымызша дұрыс тәрізді. Шын мәнінде, Қ. Жұбановтың тілдік танымындағы ғылыми көземелдер қазірдің өзінде маңызын жоймағанын есте ұстағанымыз жөн.

Қорытынды

Қ. Жұбановтың зерттеулеріндегі ғылыми көземелдеріне талдау жасаған ғалым Б. Хасанұлының пайымдауынша Қ. Жұбанов мұраларын тіл білімі салалары бойынша бағалау керек. Ғалымның мұрасын әлемдік лингвистика даму үрдісімен байланыстыра қарасақ, ол әр қырынан жақұтша жалтырап көрінетіні анық (Хасанұлы, 2014: 12). Бүгінгі күнге дейін талай зерттеулер жүргізіліп, қаншама еңбектер мен мақалалар жазылса да Қ. Жұбановтың мұрасы әлі де ғылыми танымдық маңызын жоғалтқан емес, оны алдағы уақытта зерттей түсу керек, сонымен бірге ғалымның әлі жинаққа енген, табылмаған мақалалары да бар (Садуақас, 2021: 13). Демек, Қ. Жұбановтың ғылыми мұрасын әлі де тани түсуіміз керек, әлі де жаңа қырынан зерттей түссек, оның маңызды пайымдауларына қаныға түсеміз. Қазіргі қазақ тілінің әр саласына қатысты еңбектерде профессор Қ. Жұбановтың лингвистикалық зерттеулерінің нәтижесінде қалыптасқан терминдер ғылыми айналымға енгендігін, сонымен бірге, бүгінгі оқулықтарда ғалымның тілдік қисындары мен пайымдаулары кездесетінін, олар өзінен кейінгі ізденістердің көшбасшысы ретінде әлі күнге өзінің ғылыми маңызын жоғалтпағанын байқаймыз. Ғалымның зерттеулеріндегі ғылыми және практикалық мәні зор ғылыми аксиомалардың өміршеңдігі, уақыт сынынан мүдірмей өтуі Қ. Жұбановтың ғылыми қисындарының теориялық маңыздылығы мен бүгінгі таңда да өзектілігін танытады.

Әдебиеттер тізімі

- Абишева, К.М., & Омарова, С.К. (2019). *Тіл ғылымының зерттелу тарихы: монография*. Астана: «ТАУ» University.
- Алдашев, Н.М. (2019). Профессор Қ. Жұбанов және сөзжасам жұрнақтары. Ұлы дала тұлғалары: Жұбановтар тағылымы және жазу реформасы халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: «Қазақ кітабы».
- Баданбекқызы, З. (2010). *Ағылшын және қазақ тілдерінің салғастырмалы грамматикасы*. Алматы: «Бастау».
- Жаңабекова, А.Ә. (2019). Профессор Қ.Жұбанов еңбектеріндегі грамматика мәселелері. Ұлы дала тұлғалары: Жұбановтар тағылымы және жазу реформасы халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: «Қазақ кітабы».
- Жұбанов, Қ. (2019). *Шығармаларының толық жинағы*. Ақтөбе: «Жұбанов университеті».
- Иманғазина, А.Ә. (2017). Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі мәселелері. Жұбанов тағылымы – IX дәстүрлі халықаралық ғылыми конференция материалдары жинағы. Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе ӨМУ.
- Малбақов, М. (ред.). (2013). *Құдайберген Жұбанов. Ұлы дала тұлғалары сериясы*. Алматы: «Шафран» ЖШС.
- Мұхтаров, С. (2004). Қ. Жұбанов сөз таптары туралы. Жұбанов тағылымы – IV республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Ақтөбе.
- Омарова, А.Қ. (1999). Профессор Құдайберген Жұбановтың етістік туралы ғылыми еңбегі, оның ғылымның дамуына ықпалы (Кандидаттық диссертация). Алматы.
- Садуақас, Н.А. (2021). Қ.Ж. Жұбановтың жинаққа енген мақалалары. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Хабаршысы, 1 (63).
- Фромкин, В., Родман, Р., & Хайамс, Н. (2018). *Тіл біліміне кіріспе*. Алматы: Ұлттық аударма бюросы.
- Хасанұлы, Б. (2014). Қ.Жұбанов пайымдауларының ХХІ ғасыр тілтаным парадигмаларымен ұштасуы. Жұбанов тағылымы – VIII: Қазақстан түркі өркениеті тоғысында дәстүрлі халықаралық ғылыми конференция материалдары. Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе ӨМУ.
- Ысқақов, А. (1991). *Қазіргі қазақ тілі*. Алматы: Ана тілі.

References

- Abisheva, K.M., & Omarova, S.K. (2019). *Til gylymynyn zerttelu tarikhyy: monographiya* [The History of Linguistic Research: Monograph]. Astana: TAU University. (In Kazakh)
- Aldashev, N.M. (2019). Professor K. Zhubanov and word formation suffixes. In *Uly dala tulgalary: Zhubanovtar tagylymy zhane zhazw reformasy* [Figures of the Great Steppe: The Legacy of the Zhubanovs and Script Reform]. Almaty: Qazaq kitaby publishing. (In Kazakh)
- Badanbekkyzy, Z. (2010). *Ağylshyn zhane qazaq tilderinin salğastyrrmaly grammatikasy* [Comparative Grammar of English and Kazakh Languages]. Almaty: Bastau. (In Kazakh)
- Fromkin, V., Rodman, R., & Hyams, N. (2018). *Til bilimine kirispe* [Introduction to Linguistics]. Almaty: Ulttyq audarma byurosy. (In Kazakh)
- Imangazina, A.Ä. (2017). Kudaybergen Zhubanov and issues of Kazakh linguistics. In *Zhubanov tagylymy – IX* [The Zhubanov Legacy – IX], *Proceedings of the Traditional International Scientific Conference*. Aktobe: K. Zhubanov Aktobe Regional University. (In Kazakh)
- Janabekova, A.Ä. (2019). Grammar issues in the works of Professor K. Zhubanov. In *Uly dala tulgalary: Zhubanovtar tagylymy zhane zhazw reformasy* [Figures of the Great Steppe: The Legacy of the Zhubanovs and Script Reform]. Almaty: Qazaq kitaby publishing. (In Kazakh)
- Zhubanov, Q. (2019). *Shyğarmalarynyn tolyq zhinağy* [Complete Collection of Works].

Aktobe: Zhubanov University Press. (In Kazakh)

Khassanuly, B. (2014). The convergence of K. Zhubanov's ideas with 21st century linguistic paradigms. In *Zhubanov tagylymy – VIII: Qazaqstan turki orkenieti toǵysynda* [The Zhubanov Legacy – VIII: At the Crossroads of Kazakh-Turkic Civilization]. Aktobe: K. Zhubanov Aktobe Regional University. (In Kazakh)

Malbakov, M. (Ed.). (2013). *Kudaybergen Zhubanov. In Uly dala tulgalary* [Figures of the Great Steppe Series]. Almaty: Shafran LLP. (In Kazakh)

Mukhtarov, S. (2004). K. Zhubanov on parts of speech. In *Zhubanov tagylymy – IV* [The Zhubanov Legacy – IV], *Proceedings of the Republican Scientific-Theoretical Conference*. Aktobe. (In Kazakh)

Omarova, A.Q. (1999). *Professor Kudaybergen Zhubanovtyn etistik turaly gylymi enbegi, onyn gylymnyn damwyna ykpaly* [Professor Kudaybergen Zhubanov's Scientific Work on the Verb and Its Impact on the Development of Linguistics] (Cand. diss.). Almaty. (In Kazakh)

Saduaqas, N. A. (2021). Unpublished articles by K. K. Zhubanov. *Bulletin of K. Zhubanov Aktobe Regional University*, 1(63). (In Kazakh)

Ysqaqov, A. (1991). *Qazirgi qazaq tili* [Modern Kazakh Language]. Almaty: Ana tili. (In Kazakh)

N.A. Saduakas, M.O. Mirov

Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

(E-mail:mirov-agu@bk.ru)

Views of Professor K. Zhubanov on Morphology

Abstract. The survey covers the scientific thoughts of one of the founders of Kazakh linguistics, scientist K. Zhubanov, concerning grammar. About the features of language functions, definitions and terms of grammatical categories and their differences between them in other textbooks.

While word formation is one of the main problems in morphology, in the formation of the theoretical principles of word formation it is said that the thoughts expressed in the works of the scientist coincide with modern positions. The work «grammar of the Kazakh language» emphasizes that the terms of linguistics are still used in modern scientific textbooks to define and theoretically describe grammatical categories, grammar is science, word-personality, word-thought, sentence, and provides evidence that the members of a sentence, a dead root, a compound word, a derivative basis etc. they used terms, gave them definitions and conducted a scientific analysis. There was also a scientific proof of why the term «suffix» in modern scientific textbooks was called «adverb», giving specific examples to it, dividing words into six types depending on the characteristics of their external personality. A comprehensive analysis of the theoretical features of scientific categories in the field of morphology of linguistics, its connection with terms, is carried out, and subsequent textbooks give an idea that morphology has a scientific basis for recognizing categories and creating their definitions.

Keywords: Linguistics, grammar, morphology, word face, root word, subordinate word, syntax, sentence member

Н.А. Садуакас, М.О. Милов

*Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан
(E-mail:mirov-agu@bk.ru)*

Взгляды профессора К. Жубанова на морфологию

Аннотация. В статье проведен анализ научных мыслей одного из основоположников казахского языкознания, ученого К. Жубанова, касающихся грамматики. Об особенностях языковых функций, определений и терминов грамматических категорий и их различиях между ними в других учебниках.

В то время как в морфологии словообразование является одной из основных проблем, в формировании теоретических принципов словообразования говорится, что мысли, изложенные в работах ученого, совпадают с современными позициями. В работе «Грамматика казахского языка» подчеркивается, что термины языкознания до сих пор используются в современных научных учебниках для определения и теоретического описания грамматических категорий, грамматика – это наука, слово-личность, слово-мысль, предложение и приводятся данные о том, что члены предложения, мертвый корень, сложносочиненное слово, производная основа и т.д. использовали термины, давали им определения и проводили научный анализ. Не обошлось без внимания и научное доказательство того, почему термин «суффикс» в современных научных учебных пособиях получил название «наречие», приведение к нему конкретных примеров, деление слов на шесть типов в зависимости от особенностей их внешней личности. Проведен всесторонний анализ теоретических особенностей научных категорий в области морфологии языкознания, его связи с терминами, в последующих учебниках дается представление о том, что морфология имеет научную основу для распознавания категорий, создания их определений.

Ключевые слова: лингвистика, грамматика, морфология, лицо слова, корневое слово, придаточное слово, синтаксис, члены предложения.

Авторлар туралы мәлімет:

Садуакас Н.А. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3961-3683>

Милов М.О. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2269-7692>

Information about authors:

Saduakas N.A. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3961-3683>

Mirov M.O. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2269-7692>

Сведения об авторах:

Садуакас Н.А. – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актюбе, Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3961-3683>

Миров М.О. – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2269-7692>